«8D02304 –Edebiyat Çalışmaları» Eğitim Programının Doktora Öğrencisi Usenova Nurzhamal'ın Felsefe Doktoru (Phd) Derecesini Almak Için Sunduğu «Baburnâme'nin Kazakça Nüshaları. Tarihî Gerçeklik ve Edebî Yasallıklar» Adlı Doktora Tezi Çalışması İçin Yurtdışı Danışmanının Görüşüne Dair Rapor

Sunulan araştırma, Ortaçağ Türk edebiyatının en önemli yazılı miraslarından biri olan Zahir ed-din Muhammed Babur'un «Baburnâme» adlı eserinin Kazakça nüshalarını ve bu nüshaların edebî yasallıklarını kapsamlı bir biçimde bilimsel olarak incelemeye yöneliktir. Tez konusu türkiyat, çeviribilim ve edebiyat bilimi alanlarındaki güncel akademik eğilimlerle tam bir uyum içerisindedir ve yüksek düzeyde güncellik taşımaktadır.

Araştırma sürecinde doktora adayı, Baburnâme'nin Kazak diline yapılmış çevirilerini karşılaştırmalı olarak incelemiş; bu çevirilerin oluşum tarihine, çevirmenlerin yaklaşım ve yöntemlerine, metinsel dönüşümlerin nedenleri ile sonuçlarına özel önem vermiştir. Her bir çeviri nüshasındaki tarihî bilgilerin aktarım farklılıkları, kişi adları ve coğrafi yer adlarının doğruluğu, ayrıca üslup ve estetik öğelerin korunma düzeyi bilimsel açıdan sistemli bir biçimde analiz edilmiştir. Çalışmanın değerini artıran önemli yönlerden biri ise tarihsel veriler ile edebî yasallıkların ilişkisinde yazarın ortaya koyduğu tutarlı değerlendirmeler ve karşılaştırmalı metin çözümlemeleridir.

Araştırmacı, Babur'un hatıratının yalnızca bir tarihsel kronik olmadığını, aynı zamanda edebî bir eser niteliği taşıdığını ve kendine özgü türsel yapısını başarıyla ortaya koymuştur. Çalışmada yazarın «Ben» anlatısı, anlatım teknikleri, kompozisyon yapısı ve olayların aktarımındaki edebî özellikler ayrıntılı biçimde incelenmiş; Baburnâme'nin Doğu edebiyatında hatırat türünün oluşumundaki yeri açık biçimde ortaya konmuştur. Çalışmada kullanılan araştırma yöntemleri, belirlenen amaç ve görevlere uygun biçimde yerinde uygulanmıştır. Yazar, bilimsel aygıtı doğru bir şekilde oluşturmuş ve materyali mantıklı bir sistematik içinde sunmuştur. Kullanılan kaynaklar ile literatür yeterli olup, araştırmanın temel konusunu kapsamlı biçimde açığa çıkarmaya imkân sağlamaktadır.

Tezin teorik önemi, «Baburnâme» adlı eserin metinsel yapısını belirleyerek onun edebî-estetik özelliklerine ilişkin yeni bilimsel değerlendirmeler sunmasında yatmaktadır. Pratik önemi ise araştırma sonuçlarının üniversite ders programlarında, tarihî-metinsel incelemelerde ve Türk edebî mirasının öğretiminde kullanılabilir olmasındadır. Çalışmanın yapısı bilimsel gerekliliklere uygundur; malzemenin sunuluş sırası açık, anlaşılır olup akademik üslup tamamen korunmuştur.

T.C.
GAZİ ÜNİVERSİTESİ
GAZİ EĞİTİM FAKÜLTESİ DEKANLIĞI
1923

Sonuç olarak, doktora tezi içerik bakımından, bilimsel yeniliği ve analiz derinliği açısından kendi alanındaki önemli araştırmaların arasında yer almaktadır. Doktora adayı Nurzhamal Usenova, belirlenen amaçlara ulaşmış ve araştırmanın tüm görevlerini başarıyla yerine getirmiştir.

Tez konusunun güncelliği, araştırmanın akademik ve kültürel değerleri ile çalışmanın yüksek bilimsel niteliği dikkate alındığında, adayın «8D02304 – Edebiyat Çalışmaları» eğitim programı kapsamında Felsefe Doktoru (PhD) derecesini almak üzere sunduğu bu doktora tezinin savunmaya kabulünü uygun görüyor ve destekliyorum.

Prof. Dr. Ali Yakıcı
Gazi Üniversitesi
Türkçe ve Sosyal Bilimler Eğitimi Bölümü
Türk Dili ve Edebiyatı Eğitimi Anabilim dalı



«8D02304 – Әдебиеттану» білім беру бағдарламасының докторанты Усенова Нуржамалдың философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін ұсынған «Бабырнаменің қазақ тіліндегі нұсқалары. Тарихи шындық және әдеби заңдылықтар» атты докторлық диссертациялық жұмысына шетелдік ғылыми кеңесшінің

ПІКІР

Ұсынылып отырған зерттеу ортағасырлық түркі әдебиетінің ең маңызды жазба мұраларының бірі – Захир ед-дин Мұхаммед Бабырдың «Бабырнаме» атты еңбегінің қазақ тіліндегі нұсқаларын және осы нұсқалардың әдеби заңдылықтарын кешенді түрде ғылыми тұрғыда зерделеуге бағытталған. Диссертациялық жұмыстың тақырыбы түркітану, аударматану және әдебиеттану салаларындағы қазіргі академиялық үрдістермен толық үйлеседі әрі жоғары деңгейдегі өзектілікке ие.

Зерттеу барысында докторант «Бабырнаме» шығармасының қазақ тіліне жасалған аудармаларын салыстырмалы түрде қарастырып, олардың жасалу тарихына, аудармашылардың ұстанымдары мен қолданған әдіс-тәсілдеріне, мәтіндік өзгерістердің себептері мен салдарына айрықша назар аударған. Әрбір аударма нұсқасындағы тарихи мәліметтердің берілу ерекшеліктері, кісі есімдері мен географиялық атаулардың дәлдігі, сондай-ақ стильдік және эстетикалық элементтердің сақталу деңгейі ғылыми тұрғыдан жүйелі түрде талданған. Зерттеу жұмысының құндылығын арттыратын маңызды қырларының бірі – тарихи деректер мен әдеби заңдылықтардың өзара байланысын ашуда автор ұсынған дәйекті тұжырымдар мен салыстырмалы мәтіндік талдаулар.

Зерттеуші Бабырдың мемуарлық еңбегінің тек тарихи шежіре ғана емес, сонымен қатар әдеби шығарма ретіндегі сипатын және оның өзіндік жанрлық құрылымын сәтті түрде айқындап көрсеткен. Зерттеу барысында автордың «Мен» баяндауы, баяндау тәсілдері, композициялық құрылымы мен оқиғаларды жеткізудегі көркемдік ерекшеліктері жан-жақты талданып, «Бабырнаменің» Шығыс әдебиетіндегі мемуар жанрының қалыптасуындағы орны айқындалған. Зерттеу жұмысында қолданылған әдіснамалық тәсілдер қойылған мақсат-міндеттерге толық сәйкес әрі орынды пайдаланылған. Автор ғылыми ақпаратты дұрыс қалыптастырып, материалды логикалық жүйелілікпен ұсынған. Пайдаланылған дереккөздер мен ғылыми әдебиеттер жеткілікті деңгейде қамтылып, зерттеудің негізгі тақырыбын жан-жақты ашуға мүмкіндік береді.

/қол бар, мөр бар/

Диссертациялық жұмыстың теориялық маңызы «Бабырнаме» шығармасының мәтіндік құрылымын айқындау арқылы оның әдеби-эстетикалық ерекшеліктеріне қатысты жаңа ғылыми тұжырымдар ұсынуымен сипатталады. Ал практикалық маңызы зерттеу нәтижелерін жоғары оқу орындарының оқу бағдарламаларында, тарихи-мәтіндік талдауларда, сондай-ақ түркі әдеби мұрасын оқыту үдерісінде тиімді қолдануға болатындығында. Жұмыстың құрылымы ғылыми талаптарға толық сәйкес келеді; материалды ұсыну реті жүйелі, мазмұны түсінікті, академиялық стиль толығымен сақталған.

Қорытындылай келе, докторлық диссертация мазмұны, ғылыми жаңалығы және талдау тереңдігі тұрғысынан өз саласындағы маңызды зерттеулер қатарына жатады. Докторант Нуржамал Усенова алға қойылған мақсаттарға толық қол жеткізіп, зерттеу жұмысының барлық міндеттерін табысты орындаған.

Зерттеу тақырыбының өзектілігі, жұмыстың академиялық және мәдени құндылығы, сондай-ақ диссертацияның жоғары ғылыми деңгейі ескеріле отырып, талапкердің «8D02304 – Әдебиеттану» білім беру бағдарламасы аясында философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін ұсынылған осы докторлық диссертациясын қорғауға жіберуді орынды деп санаймын және толық қолдаймын.

/қолы бар/

Профессор, доктор Али Якыжы
Гази университеті
Түрік тілі және әлеуметтік ғылымдар білім беру бөлімі
Түрік тілі мен әдебиеті білім беру мамандығы

/мөр бар/